

balay'sa

SCHOOL NEWSPAPER OF THE AKSU GYMNASIUM

№2

"Балауса" ең
үздік оқушылар
газеті

ТОЛЫҒЫРАҚ: 7-БЕТ,

АЛТЫН ҰЯ
БІЛІМ КӨКЖИЕГІНДЕ
ӨЗЕКЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР
ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ
ЛАЙФТАЙЛ
ШӘКІРТ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ
КЕРЕК.**INFO**

"Балауса" - үздік оқушылар газеті

9 қарашада Білім басқарамасының ұйтқы болуымен М.М.Катаев атындағы Облыстық Оқушылар сарайында дәстүрлі «Жас қалам» облыстық жас журналистер фестивалі өтті.

Журналистикаға қабілеттері бар, балалар және жас өспірімдер газеттерінің өкілдерінің басын қосқан байқауға біздің гимназияның "Балауса" мектеп газетінің тілшілері де қатысып, талаптарын таразыға салды. Байқау нәтижесі бойынша "Балауса" газеті ұжымы I орынды жеңіп алып, облыстағы үздік мектеп газеті атанды. "Балаусаның" жас тілшілері 9 сынып оқушылары Данкина Алима, Жұмабаева Дильнара, Рамазанова Аяулым және Жомарт Ақтоты!

Фестиваль бағдарламасы барысында облыстық Халық радиосына, «Казахстан-Павлодар», «Баспа үйі» типографиясында, облыстық «Сарыарқа самалы» газетінің редакциясында, Жастар бастамаларын қолдау орталығында экскурсиялар ұйымдастырылды.

**"БАЛАУСА"
МЕКТЕПІШІЛІК ГАЗЕТІ
1998 ЖЫЛДАН БЕРІ
ЖАРЫҚ КӨРЕДІ**

Оқушылар сарайының жас тілшілері «СМИ уходят в Интернет» атты ток-шоу жүргізді. Телешоуда Павлодар облысының атақты журналистері Юрий Поминов, Фёдор Ковалёв, Елена Вайберт болды. "Балауса" газетінің ұжымын және шәкірттерімізді толағай табысымен шын жүректен құттықтаймыз! Қаламдарыңыз қарымды болғай!





ОЛИМПИАДА - БІЛІМ ШЫҢЫ

Бүгін 2 күнге созылған білім бәйгесі өз мәресіне жетіп, жарыстың жүйріктері анықталды! Жалпы білім беретін пәндер арасындағы пән олимпиадасында оқушыларымыз артылған үміт пен сенімді ақтап, Олимптың биік шыңынан көрінді. Сонымен, республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде Ақсу қаласының дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясының шәкірттері төмендегідей нәтижеге қол жеткізді:
1-иегерлері 3 оқушы;
3-иегерлері 10 оқушы.

Облыстық білім олимпиадасында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар болып озып шыққан шәкірттерімізді мақтан етеміз! 1-орын алған оқушыларымызға Қостанай қаласында өтетін Республикалық кезеңде де жеңіс тілейміз! Еңбек етіп, тынбай дайындық жасаған барлық ұстаздарымыз бен оқушыларымызға мың алғыс! Жеңісті жол әрі қарай жалғасын тапсын!

ОБЛЫСТЫҚ "ЗЕРДЕ" ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР САЙЫСЫ



2017 жылғы 24 қарашада Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтында 8-11 сынып оқушылары арасында республикалық ғылыми жобалар конкурсының облыстық кезеңі өткізілді. Конкурсқа 13 жұмыс ұсынылып, 9-і жүлделі орындарға ие болды. Оқушыларды және оларды дайындаған мұғалімдерді құттықтаймыз! Алдағы 6-желтоқсанда өтетін пәндік тестілеуде сәттілік тілейміз!

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТУРНИР НӘТИЖЕСІ



2017 жылдың 9 қарашасында Павлодар қаласы №37 ЖОББМ негізінде бастауыш сынып оқушыларының арасында математикалық турнир өтті. Нәтижесінде 4 а сынып оқушысы Аменгелді Айжан, 3 сынып оқушысы Сабабаев Жансар, 2 сынып оқушысы Жеңіс Мансұрдан құралған Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған гимназиясының командасы III орынға қол жеткізді. Жетекшілері: Аманжолова.С.Г., Елубаева.М.С., Жақсыбекова.М.Ж.! Шын жүректен құттықтаймыз!

АЛМАТЫДАН АЛТЫН ОЛЖАЛАДЫ

2017 жылғы 13-14 желтоқсанда Алматы қаласында «Педагогикалық бастамалар фестивалі» республикалық конкурсы өтті. Конкурс ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы. Аталған додада Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясынан орыс тілі пәні мұғалімі Тулебаева Кульжанат Бекежанқызы I дәрежелі дипломына ие болып, жеңімпаз атанды. Кульжайнат Бекежанқызын жеңісімен құттықтаймыз!



"Айгөлек" Астанада Гран-При ҚанжыҒалады



- Бәрекедді! 17 желтоқсан күні Астана қаласында "NEW STAR KZ" III Халықаралық вокал және хореография байқауы өтті! Нәтижесінде гимназиямыздың оқушыларынан құрылған "Айгөлек" үлгілі би ансамблі Гран-При иегері атанды! Жетекшісі: Динара Зембаева! "Айгөлек" би ұжымын бағындырған тағы бір белесімен құттықтаймыз! Алар асуларыңыз таусылмасын!

БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ ГИМНАЗИЯДА


Бүгін Ақсу қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясына Павлодар облысы Білім беру басқармасының жаңа басшысы Дініслам Болатханұлы жұмыс сапарымен келіп, гимназиямыздың тыныс-тіршілігімен танысты. Гимназиямыздың директорымен сұхбаттан кейін Дініслам Болатханұлына пән кабинеттері, шахмат кабинеті, робототехника кабинеті, спорт залы, хореография залы және мектеп мұражайы мен «Даңқ» залдары көрсетілді. Сонымен қатар өңіріміздің ең бірінші ұстазы мектеп мұражайындағы тілек кітапшасына өз лебізін жазып, гимназиямызға оң бағасын берді!



ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕС НӘМ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

АЛТЫН ҰЯ

«Мәңгілік ел» ұлттық идеясының негізінде болашақ ұрпақты тәрбиелеу бүгінде білім ордалары мен педагогтардың алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына сай тұлға тәрбиелеудегі мектептің басыңқы бағыттары» тақырыбында өткен педагогикалық кеңесте директордың орынбасары Г.Бакирбекова ұлттық құндылықтарды қазіргі білім берудің негізі ретінде оқу-тәрбие үдерісіне үйлестіру, ұрпақ бойына қалыптастыру жолдарын ұсына отырып, талқыға салды. Отырыс барысында пәндер мазмұнына кіріктіру, сатылы әрі сабақтастықта оқыту, кіріктірілген сабақтар өткізу, ұзақ, қысқа мерзімді жоспарда адамгершілік-рухани құндылықтарды басшылыққа алудың басымды тұстары айтылды. Сонымен қатар мектеп психологы Н.Шаймарданова ұлттық код деп аталатын қазақ хал-қының жаратылысын, табиғатын, рухани бітімін, өмір салтын айқындайтын белгілерге тоқтала отырып, күнделікті оқушылармен жұмыс үдерісін осы белгілерге сүйене отырып ұйымдастырудың маңыздылығын атады.



ҰБТ-ға ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК?

2017 жылдың 17 қарашасы үлкен өмірге аяқ басқалы отырған 11 сынып және 10 сынып оқушылары Қазақстан тарихы пәні бойынша облысымыздағы үздік әдіскерлердің бірі Ернұр Нұрланұлы Дәуеновпен кездесіп, сұхбаттасты.

Кездесу барысында Ернұр Нұрланұлы ҰБТ-ға тиімді дайындалудың жолдары, мамандықты дұрыс таңдау және мотивация бағытында әңгіме өрбітті.



БІЛІМ КӨКЖИЕГІНДЕ

МЕРЕКЕ>

ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ



Мен Президенттік шыршадан естен кетпес керемет әсер алды. Маған бұл мерекелік шырша өте қатты ұнады. Президенттік шырша Павлодар қаласындағы «Ертіс» қонақ үйінде өткізілді. Сиқырлы жаңа жыл кешіне Павлодар облысының әкімі Болат Бақаута болып, Елбасының жылы лебізін білдірді. Мерекеді көптеген кейіпкерлер болды. Олар бізге кеш бойынша керемет көңіл күй сыйлады. Одан бөлек бізді Орталық алаңдағы ең үлкен шыршаға апарды. Біз ол жерде естелік суретке түстік. Сонымен қатар кинотеатрға да бардық. Бізге мерекелік көңіл-күй сыйлап, керемет жаңа жыл мерекесін Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлына мың алғыс!

Берденбекқызы Әмина

7 сынып оқушысы

БӘРЕКЕЛДІ >

ЖАРАЙСЫҢ ТОМИРИС!



Жарайсың! 2017 жылдың 30 қарашасы Ы.Алтынсарин ат. дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатында мамандандырылған мектептер арасында облыстық кешенді олимпиада өткізілді. Нәтижесінде 6 сынып оқушысы Кабиденова Томирис III орынға ие болды! Жетекшілері: Кәтепбай Асылгүл және Үміт Кабиденовна! Құттықтаймыз!



ЖАРАЙСЫҢ!

ДИНАРА III-ОРЫН ЕНШІЛЕДІ

Құттықтаймыз! Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қоры «Kazakh Tourism» ҰҚ» АҚ-мен бірлесіп жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында 2017 жылғы 30 қазан және 1 қараша аралығында Астана қаласында Павлодар облысының 76 республикалық олимпиада жүлдегерілері мен қатысушыларына, оқу озаттарына «Көшбасшы Жолы» атты саяхатын өткізді. Осы жобаға қатысқан мектеп оқушылары арасында «Қазақстан – саяхат елі» тақырыбында эссе байқауы өткізілді. Нәтижесінде гимназиямыздың 10 сынып оқушысы Кабышева Динара III орынға ие болды! Динараға сонымен қатар смарт-сағат сыйға тартылды! Жарайсың!



ЕЛБАСЫ ЖОЛДАУЫ-БІЛІМДІ ҚОЛДАУЫ

ЖОЛАУ ТУРАЛЫ ҰСТАЗДАР НЕ ДЕЙДІ?

Елбасының әр жылғы жолдауы – маңызды құжат. Қай жолдауы болмасын стратегиялық маңыздылығы мен ел алдындағы бағыт-бағдар мен міндетерді айқындауға негізделгенін көреміз! Кеше де Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлының Қазақстан халқына кезекті жолдауы туралы мәлімдеме жасаған болатын. Бұл жолдауды ұлт болашағын тәрбиелеумен айналысатын ұстаздар қауымы да ерекше ықыласпен қабылдады. Қазақстан Республикасы әлемдегі түрлі қиындықтарға төтеп беріп, дамудың даңғылына түскен аз елдердің бірі. Соған сәйкес Елбасы биылғы жолдауының негізгі мәні де «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы еліміздің дамуына арналады» – деп атап көрсетті. Елбасы сонымен қатар жолдаудың негізгі атқарылуы керек 10 міндеті туралы да қысқаша баяндады.

Соның ішінде адам капиталының жаңа сапасы туралы айтылған 7 бөлімінде білім саласына қатысты маңызды мәлімдемелер жасалынды. Яғни, еліміздегі білім жүйесі жаңа заманның талаптары мен экономика сұранысына ілесе алуы қажеттігі баса айтылды. Мұғалімнің мәртебесін көтеру мәселесі де қозғалды. Жаңартылған оқу бағдарламасымен оқытатын ұстаздардың жалақысы 30-50%-ға көтерілмек. Әрине, бұның бәрі Елбасының білім саласында еңбек етіп жатқан ұстаздар қауымына көрсеткен үлкен қамқорлығы деп білеміз! Елбасының биылғы жолдауы да ел экономикасын ғана көтеріп қоймай, білімді дамыту, руханиятты жаңғырту сияқты маңызды мәселелердің де шешімін табады деген зор сенімдеміз! Халқымыз «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді. Ендігі кезекте әрбір қазақстандық осы береке-бірлік пен саяси тұрақтылықты одан әрі нығайтып, еліміздің іргесін бекіте түсуі қажет.

ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТТЕРІ

ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН



Головкин Геннадий Геннадьевич (8 сәуір 1982 жыл Қарағанды, Қазақстан) — қазақстандық кәсіпқой боксшы, орта салмақта өнер көрсетеді. Орта салмақтағы әлем чемпионы (IBO тұжырымы, 2010 - қ.у; WBA тұжырымы, 2011 - қ.у; уақытша WBC, 2014 - қ.у). The Ring журналына сәйкес Р4Р салмақ дәрежесіне қарамастан үздік боксшылардың ондығына кіреді. 2013 жылдың соңында WBA тұжырымы бойынша орта салмақ дәрежесіндегі қазақстандық суперчемпион Геннадий Головкин беделді американдық USA Today басылымының нұсқасы бойынша «Жыл боксшысы» атанған болатын.

АСПАНБЕК ШҰҒАТАЕВ

1989 жылы 19 ақпанда Павлодар облысы Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылында дүниеге келген. Айтысқа алғаш 12 жасында шыққан. Бірнеше облыстық, республикалық айтыстардың жүлдегері, жеңімпазы. 2015 жылғы "Алтын домбыра иегері".



ДАНЭЛЯ ТУЛЕШОВА

Данэля Тулешованың есімі ендігі бар қазаққа танымал! Данэля осы жылғы Украина елінде өткен «Голос. Діти» шоуының жеңімпазы атанды. 10 жастағы әнші қыз Алматы қаласының тумасы! Ән айтуды 8 жасында бастаған ол, қазір өзінің авторлық әндерін жазуға кіріскен! «Голос. Діти» шоуында жеңіске жеткеннен кейін жас талантты мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы жеке қабылдап, Елбасының құттықтауын жеткізген болатын!



GRADUATION PARTY

*Жанымның жарты бөлшегі, Арманым сенсің
еңселі, Оқушы кезім қайдасың? Сағынып
кеттім, мен сені!*

Бүгін гимназиямызда "Graduation party" түлектермен кездесу кеші ұйымдастырылды! Шараға 2017, 2016, 2015, 2014 жылғы түлектеріміз қатысып, балалық шақтарын еске алып студенттік кездің қызықтарымен бөлісті! Ал, қазіргі шәкірттеріміз болса алдыңғы буын аға-әпкелеріне арнап ән-мен биден шашу шашты.

Ал келе алмаған түлектер болса, сәлемін видео арқылы жеткізген болатын! Кеш әр түрлі форматта өтті! Ең алғаш болып сахна төріне 2016 жылғы түлектер шығып, естеліктерімен бөлісті. Барлық келген шәкірттерімізге ыстық ықыласымызды білдіргіміз келеді! Жұлдыздарыңыз әрдайым жарық болғай!



"Балауса" газетінің тілшілері

"ЕНШІ" ЗИЯТКЕРЛІК САЙЫСЫ

6 желтоқсан күні Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай Ақсу гимназиясында «Енші» зияткерлік сайысы ұйымдастырылды.



Бұл сайыста «Оқушылар» командасы мен «Ұстаздар» командасы ой-санасын сынға салды.

Оқушылар командасы 11 сынып оқушысы, тарих пәнінен олимпиада жүлдегері Боранбай Бихан бастаған топтан құралса, «Ұстаздар» командасын үздік ұстаздарымыздың бірі Анар Толбайқызы бастады. Зияткер, Капитандар сайысы, Зерде, Көмбе деген 4 кезеңнен құралған сайыстың екі кезеңі бойынша ұстаздар командасы алда келе жатқанымен, соңғы екі кезеңде оқушыларға есе жіберіп қойды. 1 жарым сағатқа созылған тартысты ойында «Еншісін» тақымдарына мықтап қысқан «Оқушылар» командасы жеңіске жетті. Осы арқылы шәкірт ұстаздан озса, ол ұстаздың ұлығы дегенге куә болғандаймыз.

"Кітап-алтын сандық"

"Кітап жансыз, бірақ ол шынайы дос" деген атақты жазушы Гюго! Осы сөздің мағынасына үңілмек болған шәкірттеріміз кітап оқып жарысты!

Құрметті достар, бір ай бұрын жарияланған «Кітап-алтын сандық» кітап оқу жарысының жеңімпаздары да белгілі болды. 1 орын - 9 сынып оқушысы Кунтаева Амина, 2 орын - 11 сынып оқушысы Хуатбек Айша және Баяманова Аида, 3 орын - 9 сынып оқушысы Батай Аружан, 6 сынып оқушылары Кабиденова Томирис және Қазтай Айшат!

Бір ай бұрын жарияланған жарыс 2 турдан тұрды! 1-тур оқылған шығармаға рецензия жазу болса, 2-тур тест сұрақтары! Барлық жеңімпаздарға дипломдар мен тиесілі бағалы сыйлықтары табыс етілді. Жұлделеріңіз құтты болсын!



"Балауса" газетінің тілшілері

"ОЙНА" АҚЫЛ-ОЙДЫҢ ҚАМШЫСЫ

Бүгін гимназиямызда "Ойна" балаларды дамыту орталығының өкілдерінің ұйымдастыруымен түрлі ойындардан олимпиада өткізілді.



Аталған ойындар баланың санасын, ойлау қабілетін, креативті ойлауын дамытып, тіпті бала бойындағы жасырын қабілеттерді оятуға мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда бұл тәсіл Білім және ғылым министрлігінің тарапынан қолдау тауып отырғанын айта кеткен жөн. "Ойна" орталығының жетекшісі Ахметжан мырзаның айтуынша мемлекетті дамыту үшін ең алдымен баланы дамытуымыз керек.

Бүгінгі олимпиадада жеңімпаз болған оқушылар ақпан айында өтетін облыстық олимпиадада гимназия намысын қорғайтын болады..

ШӘКІРТТЕР

ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ



ҚАЗАҚСТАН-САЯХАТ ЕЛІ

ЭССЕ

Елбасы ғұмыр жолы, өткен белестері қашанда жастар үшін үлкен өнеге. Ендеше, Тұңғыш Президент туралы айтылатын әңгіме де, жазылатын шығарма, қойылатын қойылым мен жарыққа шығатын фильмдер де жастарды талапты болуға, мақсатсүйгіштік пен табандылыққа жетелейді. Елімізде оқушыларға арналған «Көшбасшы жолы» туры өтті. Республикамыздың аймақтарынан келген үздік оқушылар Астана қаласындағы тарихи орындарды аралады. Астанада болған кезімізде Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының мұражайы, кітапханасы мен қоры, «Астана – Бәйтерек» монументі, Бейбітшілік пен келісім сарайы және Назарбаев Университетін көріп, тамашаладық. Бұл «Көшбасшы жолы» туры жастар арасындағы туризмді жандандыруға мүмкіндік беріп, жас ұрпақты отансүйгіштікке баулиды. Осындай турларды өткізу мектеп оқушыларының ой-өрісін кеңейтіп, қызығушылығын арттырады, әрі балаларды жақсы оқып, белсенді болуға қосымша ынталандыратын болады деген сенімдемін. Біз, жастар, мемлекетіміздің негізгі тірегі бола отырып, болашақта ел басқаратын ұрпақ өкілдеріміз.

Елбасы өзінің жолдауында жастар саясатына ерекше назар аударған болатын. Бүгінгі қоғамның дамуы мен келешегі жалындаған жастардың ерік-жігеріне тікелей байланысты екенін атап өтті. Елімізде үлкен қолдауға ие болған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қаншама жұмыстар атқарылуда. Біз де өз тарапымыздан көшбасшымыздың салған сара жолының жалғасы ретінде болашақта өз үлесімізді қосамыз деген үміттемін, өйткені бәрі бір мақсатқа қол жеткізу үшін жасалады. Ол мақсат - Елбасы алға қойған стратегиялық мақсаттарды орындап, дамыған қуатты мемлекет екенімізді мойындату алдағы күннің еншісінде. Ол мақсатқа жету үшін сіз бен біз, әрбір қазақстандық бәсекеге қабілетті болуымыз керек. Қазақстанның болашағы үшін, келешек үшін жақсы оқуға, кірпіш болып қаланатыныма уәде беремін, себебі елдің туын биік ұстау - перзенттік парызым деп білемін. Елімнен «не аламын» деп емес, «не беремін» деп өмір сүремін деген сенімдемін.

КАБЫШЕВА ДИНАРА
10 СЫНЫП ОҚУШЫСЫ



МЕНИҢ ОТБАСЫМ

НҰҒАЛИЕВА АҢСАР, 2 СЫНЫП

Менің атым – Аңсар. Мен Павлодар облысы, Ақсу қаласында тұрамын. Осы қаладағы гимназияда оқимын. Есеп шығаруды, кітап оқуды ұнатамын. Оқыған ертегілерімдегі адамдардың, аңдардың қимылын қайталап көрсеткенді жақсы көремін.

Өскенде ұшқыш болғым келеді. Аспанда, биікте, ұшып жүрсем деп армандаймын.

Отбасымда мен, әкем, анам, әпкем – төрт адамбыз. Біз үйде бір-бірімізді сыйлаймыз, үлкендер кішілерге қамқорлық көрсетеді. Ата-анам, әпкем мені өте жақсы көреді, өйткені отбасымның ең кішкене мүшесі, мені, үнемі еркелетеді, тентектігіме кешірім жасап отырады.

Әкем өрт сөндіру бөлімінде қызмет жасайды, адамдарды өрттен құтқарады. Мен оған ұқсап батыл болғым келеді.

Ал анам гимназияда мұғалім, менен үлкен оқушыларға сабақ береді. Менің жақсы оқуыма, тәртіпті болып, ұқыпты жүруіме көмектеседі.

Әпкем болса Астана қаласында оқиды, маған үнемі оқуға қызықты кітаптар әкеліп береді, сыйлықтарын да ұмытпайды.

Менің жақсы көретін әжем бар. Атымды Аңсар деп, «аңсап туған бала» деп әжем қойыпты. Ол ауылда тұрады. Әжемнің маған ертегі, әңгіме айтқаны өте ұнайды. Ол мені әдепті, сыпайы болуға үйретеді.

Біз отбасымызбен серуендеуді, мерекелерді бірге тойлауды ұнатамыз. Әсіресе, менің туған күнімде тосынсый күтемін. Менің туған күнім - 16 желтоқсан күні. Осы күнді асыға күтіп жүремін.

Біз өте тату-тәті тұрамыз. Мен ата-анамды, әжемді, әпкемді жақсы көремін. Оларды мақтан етемін.

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАН КҮН

**МУХАММАТОВА АҚЕРКЕ,
4 СЫНЫП**

Біздің ата-бабамыз

Бізиді ойлап аянбаған

Батыр болып, батыл болып

Жауға шауып қорықпаған.

Отан оттан да ыстық деп

Қорықпаған аянбаған

Батырларым Қайрат, Ләззат, Ербол

Мәңгі есімде қалған.

ПОЭЗИЯ АЙДАРЫ

Қазағымның батырлары

Тәуелсіздік күніне

Мен әрқашан ризамын,

Шапқыншылық кезінде

Батырлары қорғаған.

Тәуелсіздік, Тәуелсіздік

Бізге оңай келген жоқ.

Батырлық пен ерлікпенен

Біздің жастар берілген жоқ.

4Ә СЫНЫП ОҚУШЫСЫ,

Семсерхан Назлы

Менің атам

Аташым менің тірегім,

Көп еді – ау сенің тілегің.

Атыңды сенің ардақты,

Жүремің әр кез мақтанып.

Көп жүріп кейде ойланам,

Атам жайлы толғанам.

Аташым болса қасымда,

Қуаныштан шаттанам.

Социалова Альнура, 3 Ә

СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

Өтірік өлең

Жолбарыспен дос болдым,

Оны үйге шақырдым.

Ертегілерді оқыдық,

Демалысты жақсы өткіздік.

Борамбай Джамиля, 3Ә

СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

Көмек

Қиындықты әр кезде,

Көмек көрсет бәріне.

Жақсылық істесең әрқашан,

Көресің оның қызығын.

Алтаева Аяулым, 3Ә СЫНЫП

ОҚУШЫСЫ

БҮГІНГІ САНДА:

МАЗМҰНЫ: АҢДАТПА

3-бет.

Білім басқармасының басшысы
гимназиямызда

8-бет.

Облыстық пән олимпиадасының
нәтижелері

11-бет.

Елбасы жолдауын ұстаздар
қауымы қалай қабылдады?

13 бет.


Дәстүрлі түлектер кеші

15-бет.

Шәкірттер шығармашылығы

KERЕК.INFO

ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ТАНЫМДЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ҚОСЫМША



СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Жаз күні Эйфель мұнарасы 15 сантиметрге дейін биіктейді.

Адамның денесінде ұзындығы 7 сантиметрге дейін шеге жасап шығаруға жететін темір бар. Құндыздардың тістері өмір бойы өседі.

Неандерталь адамдардың миы қазіргі адамдардың миынан үлкен болыпты.

Тасбақалар қыс күнгі ұзақ ұйқыда арт жағымен де тыныс ала алады.

ҰБТ-ҒА ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК?

К.Кім болғыңыз келеді? Алдымен, мамандық таңдаудан бастаңыз. 2. Сол мамандық бойынша білім беретін жоғары оқу орнын таңдаңыз. Көп оқушы бірінші ҰБТ тапсырып, кейін грантқа түскен университетіне ғана барады. Сіз қазір шешіңіз: Қай университет және сол университет қабырғасында оқу үшін қанша балл керек екенін анықтаңыз. 3. Қазіргі білім деңгейіңізді анықтаңыз. Ол үшін ешқандай көшірусіз, уақыт есептеу арқылы тест тапсырмаларын орындап қараңыз. 4. Жоспар жасаңыз. Мысалы: "Маған керек жалпы ұпай 90 болса, тарих - 18, оқу сауаттылығы - 20, математика сауаттылығы - 15, бірінші таңдау пәннен - 19, екіншісінен 18 балл жинаймын" деген мақсат қойыңыз. 5. Әр айға жеке - жеке жоспар жасаңыз, орташа ай сайын әр пәннен қосымша 2-3 балл қосып отырыңыз. Бұл сізге ілгері жылжуға мүмкіндік береді. 6. Әлеуметтік желілерге шектеу қойыңыз. Күніне бір сағат лимит арқылы жұмыс жасаңыз. Басында қиын болғанымен, нәтижені көрген соң, үйреніп кетесіз. 7. Уақытпен емес, нәтижемен жұмыс жасаңыз. Таңнан кешке дейін оқи бергеннен нәтиже болмайды. Бірнеше аптадан соң жалығып кетесіз. Күніне 5-6 сағат дайындалсаңыз, нәтижесі жақсы болады. Аптасына бір күн демалып тұрыңыз. 8. Спортқа көп уақыт бөліңіз. Себебі, спорт денеңізге күш-қуат беріп, миыңызға сергектік сыйлап, сенімділікті арттырады. 9. Кешке жаттау қиынға соғатын пәндерді таңертең ерте оқыңыз. Таңертең миыңыздың қабылдау мүмкіндігі бірнеше есе жоғары болады. 10. Қаржылай мүмкіндігіңіз болса, өз күшіңіз жетпеген пәндер бойынша қосымша сабақ алыңыз.



СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚТАР

АЛ СЕН ҚАНДАЙ МАМАН БОЛАСЫҢ?

Инженерлік мамандықтар

Қазіргі сәтте өнеркәсіпте кәсіби инженерлердің, орта топтың техникалық мамандары мен жетекшілерінің қатты жетіспеушілігі туындайды. Әсіресе техникалық және экономикалық немесе заңдық білімнің үйлесімдігі, ағылшын немесе кез келген еуропалық тілдік білу бағаланатын болады. Барлық өнеркәсіп салаласында инженер-маркетологтардың және менеджерлердің қажеттілігі артуда.

Медициналық мамандықтар

Медицина бүгінге енді ғана құрылып, зерттеліп келе жатқан, ал 10 жылдан кейін тәжірибеге еніп, медицинада үйреншікті іс болатын, электроника, битотехнология саласының жетістіктерін жемісті пайдаланады.

Химия Химия саласының мамандары энергетика саласында ерекше қажет болады. Энергияның баламалы көздері аса қажет болады. Химия - инновация мен болашақтың ғылымы.

Тағамдық өнеркәсіп Агроном және фермер мамандықтарын сарапшылардың басым бөлігі жойылып бара жатқан мамандықтар қатарына жатқызады: Әлемнің дамыған елдерінде кішігірім фермерлік шаруашылықтар 15 жылдан артық уақыт тұрақты түрде кедейшілік шегінде тепе-теңдік ұстап келеді, негізінен мемлекеттік дотация есебінен күн көреді.

Логистика

Логистика саласы кәсіпорынның қызмет етуінде бірінші кезекті маңыздылыққа ие. Логист мамандығы қатаң шеңберде жұмыстан шаршаған, шаблондар мен берілген шектеулерді жақсы көрмейтіндер үшін оңтайлы.



IELTS деген не?

IELTS (International English Language Testing System) – ағылшын тілінің деңгейін тексеру мақсатындағы халықаралық емтихан жүйесі.

IELTS – сараптамалық емтихан. Бағалау жүйесі бойынша ешкім 0 ала алмайды. Әрине, емтиханға қатыспаған жағдайда ғана 0-дік көрсеткіш көрсетуіңіз мүмкін. Бірақ емтихан қорытындысы бойынша 1-9 балдық жүйемен бағаланады. Өзге елге қоныс аударуыңыз үшін 5-6,5 балл аралығындағы баға жеткілікті, ал жоғары оқу орнына түсу үшін 6-9 аралығында балл керек.

IELTS сертификатының жарамдылық мерзімі – 2 жыл. Бұл уақыттан соң өзіңіздің деңгейіңізді дәлелдейтін емтиханды қайта тапсыруыңызға тура келеді.